

## Қазақстан Республикасы бойынша 2024 ж. қаңтар айына ауа райының консультативтік болжамы

**Қаңтар** айында Қазақстанның ауа райын көбінесе Атлантикалық циклондар және онымен байланысты атмосфералық фронттар айқындайтын болады, республиканың басым бөлігінде жауын - шашын (жаңбыр, қар), солтүстік өңірлерде - қар түрінде болжанады. ҚР бойынша бұрқасын, көктайғақ, желдің 15-28 м/с дейін күшеюі жиі күтіледі.

3 қаңтардан бастап Қазақстанның солтүстік-батысында, солтүстігінде, орталығында және шығысында суық ауа массаларының ағынымен ауа температурасының қысқа мерзімді төмендеуі болжанады:

*республиканың солтүстік-батысында, солтүстігінде* түнде  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан  $-20-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан  $-7-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін;

*ҚР орталығында және шығысында* түнде  $0,-8^{\circ}\text{C}$ -тан  $-20-28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан  $-5-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін;

*Бірінші онкүндіктің екінші жартысында Қазақстанның солтүстік жартысында* аяздың әлсіреуі болжанады: түнде  $-5-15^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $-3-8^{\circ}\text{C}$  дейін. Қаңтардың бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндігінің басында антициклонның күшеюімен түнде температура қайтадан  $-18-25^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді.

*Еліміздің батыс өңірлерінде* қаңтар айының басында ауа температурасының түнде  $-3+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3+7^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі күтіледі, екінші жартысында – түнде  $-10-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $-3-10^{\circ}\text{C}$ -ға дейін ары қарай төмендейді, бірінші онкүндіктің соңында ғана күн жылынады.

*Республиканың оңтүстік жартысында* ауа температурасы түнде  $-5+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $-8+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Консультативтік болжамға сәйкес 2024 жылғы қаңтардың екінші және үшінші онкүндіктерінде Қазақстанның басым бөлігінде ауа-райының жиі өзгеруі күтіледі, аязды күндер мен қатар циклондар мен атмосфералық фронттардың өтуі жиілеп, нәтижесінде қар жауады (ҚР оңтүстік жартысында жауын-шашын), бұрқасын күтіледі. Ауа массаларының өзгеруімен көктайғақ құбылыстары, тұман байқалады.

Жылу толқындарының бірнешеуі болжанады: ауа температурасы *ҚР солтүстік жартысында және шығысында* түнде  $-3-13^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $-5+5^{\circ}\text{C}$  дейін; *ҚР оңтүстік жартысында және батысында* түнде  $-5+5^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+5+15^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды.

Солтүстік-батыс антициклондардың енугемен бірнеше суық толқындар болжанады. Бұл күндері ауа температурасы төмендеуі мүмкін: *ҚР солтүстік жартысында, шығысында және оңтүстік-шығыстың таулы аймақтарында*

түнде -22-30°С дейін, күндіз -12-20°С дейін; ҚР оңтүстік жартысында және батысында түнде -13-23°С дейін, күндіз -3-13°С дейін.

**Қаңтар** айында Қазақстан аумағы бойынша температуралық фон климаттық нормадан 1-2° жоғары болады деп күтілуде. Жауын – шашын мөлшері ҚР басым бөлігінде *норма шамасында*, елдің солтүстік-батыс жартысында, ҚР оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының таулы және тау бөктеріндегі аудандарында *нормадан көп* болады деп болжануда.

**ҰМББ басшысы**



**Ж. Исабекова**